

**Болат Мағазұлы Сағындық**



**МЕМОРИАЛ**

**Болат Мағазұлы Сағындық**



**МЕМОРИАЛ**  
**(САКРАЛЬНОЕ МЕСТО)**

2020 жыл  
Қызылжар қаласы



563526

Северо-Казахстанская  
областная библиотека  
им. С. МУКАНОВА

г. Петропавловск

2

Осы кітап – облыс орталығында бұрынғы әлемге аты шулы, миллиондардың қарғысы атқан, аты өшкен, сан мындаған адал жандардың ғұмырын құртқан НКВД ғимараты тұрған аланда салынған мемориал кешенінің тұрғызылуының тарихы баяндалған ескерткіш құрал.

Бұл мемориал үрпақтан үрпаққа ел тарихының қаралы беттерінің бейнесі сыйпатты мәнгілік есте қалатын ерекше ескерткіш.

Республика облыстары арасында салынған бірінші қасіреттің әр қырын жан-жақты баяндайтын облыс жүргіштылығының мерейі.

Біздің бұл мемориал республикадағы сакралды (қасиетті) нысандардың қатарына енгені облыс қоғамының мақтандырылышына айналып отыр.

Республика облыстары арасында салынған бірінші қасіреттің әр қырын жан-жақты баяндайтын облыс жүргіштылығының мерейі.

Мемориал құрамы жуыр арада саяси құғын-сұргін құрбандарына арналған мұражай және нақақтан-нақақ елінен шет жерлерге қылғандарға арналған ескерткішпен толықтырылады.

Кеңестердің тоталитарлық режимі адам баласы тарихта өте сирек кездесетін қанды оқиғалардың құрбаны еткен адал жандардың аруақтары алдындағы азamatтық атқарылған парызымыздың белгісі.

Алла разы болсын!

Мемориал – ескерткіші өмірдің,  
Қасіретті тарихы бұл өнірдің.  
Құрбандарға келіп тағзым ететін,  
Басатығұн ашы зарын көңілдің.

## Мемориал

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жөнінде-  
гі 17 жыл атқарған жұмыстарым өмірімнің бөлінбес бір  
бөлігі болды. Өткенге бүгін сын көзбен қарасам, алға қой-  
ған мерейлі мақсатқа қол жеткізу оңайға түспесе де әрбір  
қадам ризашылық білдіріп тұрады екен.

Ең бастысы осынша көлемді де күрделі істің тақыр  
жерден басталғаны ешбір басшы мекемелердің жоспа-  
рында болмаған соң мұның үр жаңалығында. Менің де үш  
ұйықтасам түсіме де кірмеген жұмыс еді.

Мындаған аруақтардың, халқымыздың көрген 70-80  
жылғы қайғы-қасіреті ме түрткі болған, ақ жол ашқан қай-  
ырымдылық па қасиетті іске жетелеген.

Бұл өзі қалай басталды?

Екі мың екінші жылы жаздың бір күні мен Погодин  
театрының алдында тұрғанмын. Бір бульдозер бұрынғы  
ғимараттардың орнын тазалап жатыр. Көз алдыма осы  
жерде орналасқан НКВД ғимараты елестеді. Көкірегімде  
ұялаған ашы зар табан аузында оянды да кеткені.

Мұнда орналасқан мекеме талайдың тағдыры сынған  
қайнаған қара қазаны болғаны халықтың есінде тас болып  
қатып қалған еді.

Ешбір тарихи оқулықтарда, әдебиет шығармаларында жазылмаса да, оқымасақ та, ауыз екі айтылағын әңгімелерден еститінбіз, бұл тамықтың ордасында мындаған жазықсыз жандардың «халық жауы» атты қаралы атақты жабу үшін тергеуде мойынданып отырған. Мұндай жантүршігерлік қинау, ату ғимараттың астынғы жағындағы төрт «өлім камерасы» аталып кеткен бөлімдерде болған.

Отызыншы жылдары НКВД мекемесінде шаруашылық бөлімін басқарған, жұмысшы кентінде тұрған Егоров деген қарттың айтуынша осында атылғандарды жер асты жолымен Сүтішев көшесі бойында орналасқан ағаш үйге апарып, мәйіттерді тұн қараңғысын жамылып алып кетіп қала сыртындағы «Пороховое» деген жартылай аралдар Есіл жағасындағы жамбыға төгіп көмеді еken.

Осы сәтте бұл жер телімінде талайдың қаны тамған, бүтінгі үрпақтың санасына сініретін бір ескерткіш орнатылсағой деген ой маған жылт етті.

Міне, алдағы істер осыдан басталды. Осы ой жанымды үзбей мазалай берді. Енді нақтылы іске кірістік.

Бір топ ақсақалдардан ынталы топ, кейін занды тұлға «Память» қоғамдық қор құрып, Петропавл қала әкімі Никандровқа осы жер телімін зандастырып беруін сұрап төрт мэрте хат жолдадым. Берген жауаптарында не жә, не жоқ деп айтылмады.

Жауапқа қол қойып отырған әкімнің орынбасары Павел Глоба мырзаға ашу, ыза бойымды кернеп бір күні кабинетіне кіріп барып, қатты-қатты сөзге келуге өзіме жол бердім.

«Мен сен отырған осындай тақта отырғанда сен жалаң бұт үстел астында жорғалап жүргенсің, бізді сыйлап неге дұрыс жауап бермейсіндер. Тіпті сұраған жер телімінің адресін де шатастырыпсың. Бұл не өзі?!» – деп кіжініп жанына жетіп барғанда, жақтан салып жібере ме деп ығысып қалып, «Ақсақал, бұл мәселені жуырда шешеміз», – деп сасқалақтап қалды. Өкінішке орай, шешіле қоймаған соң сол кездегі аз уақыт қана істеген облыс әкімі Смирнов мырзаның қабылдауына барып, мәселенің жайын жеткіздім. Ұқыпты тыңдал болып: «Ақсақал, мәселені жуырда шешемін», – деп шығарып салды. Асқан ризашылықпен қуанып шықтым.

Мын жауғыр, сөзінде тұрып, облыстың бас архитекторы Дворников мырзаға жер телімін бөлу туралы құжаттарын жасатып, облыстың 2004 жылғы бюджетіне 4 млн. теңге бөліпті.

Өкінішке орай, Смирнов Астанаға басқа қызметке ауысып, оның орнына Тайыр Аймұхаметұлы Мансұров келді. Жаңа әкім бас архитектормен облыс орталығын аралап жүріп, бізге болінген жер телімін көріп, «Мұнда не болады?» – деген сұраққа Дворников: «Бұл жерде саяси күғын-сұргін құрбандарына арналған ескерткіш болады», – деп жауап береді. Дәл осы сәтте әкім: «Жоқ, бұл жерде Наурыз банк тұрғын үй салады», – деп кесіп тастайды. Облыстық екі газеттің бірінші беттерінде осындай хабар өтіп кетті. Мен тездетіп тиісті орган мекемелерге барып істің жайын білсем, басшыларының бір де бірі облыс әкімінің шешіміне қарсы келе ала ма?

Өте қатты ренжіп айтқаным әлі есімде: «Осы жерде үй салу басталса мен трактордың астына жатамын,

қарсылық білдіремін. Мындаған НКВД ғимаратында өлімге ұшырағандардың аруақтары бұл үйдің тұрғындарына маза бермейді. Бұл ағаттық істі Алла кешірмейді», – деген жан айқайымды жария еткенмін.

Не істеу керек? Қайткенде табандылық пен қайтпас қайсарлыққа мініп, қарсылық білдіруге шештім.

Жалғыз сенімді құралым телевидение деп есептедім. Өзім билетін бірнеше телеканалдарға сұхбат беруге келістім. Әрине, облыс басшысына тек лап беру емес, ұстамды да ұтымды сөйлеу керектігін ескердім.

Сол күндердегі сөйлегенім, әсіресе КТК арнасындағы сөзім облыс әкіміне жетіпті. Сөз жоқ, менінше, батылдық та батырлық қой деймін.

Әйтеуір, бұл қадамымның дұрыстығына, жемісті болғанына әкімнің қабылдауында болғаннан кейін көзім жетті.

Не істерімді білмей мойып жүргем, бір күні облыстық ішкі саясат басқарма бастығы Қасеинов Куандық Әскерұлы марқұмның кабинетінде әңгімелесіп отырғанда облыс әкімінің қабылдау бөлмесінен телефон арқылы «Сағындықовты қалай табуға болады?» деген сұрақ түсті.

Осында отырғанымды біліп, мені облыс әкімі бүгінгі сағат 15-ке шақырады деген хабар келді, менің әр ұйымдарда сөз қозғап жүргенім оған жеткен ғой деп ойладым.

Белгіленген уақытта қабылдауына кіріп, сәлем бердім. Ол сәлемімді салқын түрде қабылдағандай болды, иегімен нұсқап отыр дегендей орындықтарға қарады.

Отырдым. «Сөйленіз», – деді. Сөйледім. Мәселенің мән-жайын баяндадым, бірақ Қасеинов мырзамен

келісkenіміздей, Смирновпен мәселенің шешілгенін айтпадым. Үн-түнсіз төмен қарап отырған бойы селт етпеді.

«Ах, мына басшы сауалымды шешпеді-ау», – деп іштей бойымды қатты өкпе-реніш билеп кетті.

Орнынан тұрдым да жанына жақындалп келіп: «Тайыр Аймұхаметович, біз екеуміз бір мектептің түлегіміз ғой», – деп едім, таңырқап басын көтеріп маған түсінбей қарағандай болды. «Сіз Мәскеудегі орталық комитеттің жанындағы Жоғарғы партия мектебін 1976 жылы бітірдіңіз бе?». «Жоқ, 1979 жылы», – деді. «Ал мен сол мектепті 1972 жылы қызыл дипломмен бітірдім», – деуім мұн екен, орнынан тұрып, екі қолын беріп: «Отағасы, сауалыңызды толық орындаимын», – деп қуантып жіберді.

Сөзінде тұрды. Өзі Алматыға эскизін жасатуға тапсырма беріп, дайындағып, мені шақырды.

Мен акиматтың кіші залына кіріп келсем, халық көп. Анадай жерде үстелдің үстінде монументтің көшірмесі жанында әкім өзі, тағы бір азамат. Ол сол проектінің авторы екен. Мені әкім жақындауға шақырды, таныстырды монумент көшірмесімен, авторымен. «Көріңіз, пікіріңізді айтыңыз», – деді. Мен: «Дұрыс, бәрі жақсы, тек ана дөңгелек құрылымды алып тастаса», – деген пікір білдірдім. Артынан білсем, ол суреттегі дөңгелек жер астымен мәйіттерді ағаш үйге қоюға апарғанда шығар құдықша екен. Ескерткіш ретінде қалдырса да дұрыс болатын-ды.

Ендігі жерде әкім залда отырған құрылышыларға қарап, монумент құрылышы сәуір айының аяғында басталатынын жария етті.

Ол айда демалысқа кетіп, мамырдың басында оралдым. Құрылыш басталмапты. Әкімнің атына өзім танысып

білген он пункті шешілмеген мәселелерді баяндап, сәуір айында құрылыштың басталмағанын баяндап хат жолдадым.

Тез арада қала әкіміне байланысты бес сұрақ болғасын Никандров мені шақырып мәселелердің бірнеше күнде шешілетінін айтты. Жобаға байланысты бес сұрақ та шешімін тауып, құрылыштың басталып кетті.

Саяси құғын-сұргін мен тоталитарлық режимнің құрбандарына арналған монумент – ең алғашқы және негізгі ескерткіш.

Жобаның авторы – Қазақстан Республикасына еңбек сінірген қайраткер Хасен Абаев.

Монумент орны – бұрынғы НКВД орнында.

Постаментке екі тілде қазақша және орысша «Саяси құғын-сұргін құрбандарына» деп жазылған.

Монумент орнатылған алаңда заман талабына сай сквер орнатылған.

Жылдағы 31-мамыр Құрбандар күні осы монумент алдында митинглер өтеді, гүл шоқтарын қою рәсімі орындалады. Мұнда әдетте халық көп жиналады, әсіресе құрбандар ұрпақтары әкелерінің, аталарының, туыстарының есімдеріне тағым етеді.

Сол 2005 жылы облысымызға республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаев сайлауына байланысты келеді деп күтілуде болатын. Соған көрсетуге арналап, күшті көбейтіп құрылышты қарқынды өткізді.

Тамыздың 25-сі монументті ашуға арналған митинг өтті.

Жиынға халық өте көп жиналды.

Трибунадан облыс әкімі, мен және университет профессоры сөз сөйлемдік. Гүл қою рәсімі өтті.

Біраз адамдар мені қоршап ризашылықтарын айтып, сұрақтарын қойып жатты. Бір сұрақ-тілек – құрбандардың есімдері жазылса дегенді сөзге тиек етті. Ол тілек әрдайым: «Шіркін-ай, ол дұрыс-ау» деп көкейімде сақталып жүретін. Кейін ол да орындалды.

Бұдан соң келесі іске кірістік. Облыстық ішкі саясат басқармасының тікелей көмегімен саяси құғын-сұргін құрбандарының зор еңбектің арқасында тізімін жасадық. Эрине, бұл істің оңайға түспегенін айтқан жен. Эр жерден нақтылы заңмен анықталған құжаттарды іздел тауып тे-руге тұра келді. Ақыры екі томдық анықтама шығардық. Онда тізім аудан-ауданға бөлініп, алфавитпен қысқаша эр құрбанның қай жерде, қай жылы туды, қандай қызметтер атқарған, қай жылы қай заңдың бабымен жазаланғанын, артында қалған жұбайының, әр баласының есімі, туған жылы көрсетілген, қай жылы қандай заңмен ақталғаны туралы мәлімет бар.

Ол анықтама кітапты мың жарым тиражben шығарып әр ауданға, мұражайларға, тиісті ұйымдарға тараттық. Эрі қарай жұмыс атқаруға анықтаманың көмегі зор болды.

Бұған қоса екі кітап екі тілде жарық көрді: «Ақталған есімдер» (Возвращенные имена) және «Есімдері мәңгілік есте» (Увековеченные имена). Бұл кітаптарда саяси құғын-сұргін құрбандары болған ардақты азаматтардың, абзал жандардың өмірбаяны, еңбегі, адал жандардың нақақтан сталиндік сұмырай саясаттың құрығына ілініп, тарихта болмаған зардалтарға ұшырағандары туралы баяндалады. Бұл да ұрпақтан ұрпаққа ескерткіш болып қалатыны

сөзсіз. Осы кітаптардың шығуына облыстық «Асыл мұра» орталығының зор енбекін айтқан әділ. Орталық қызметкерлері Ғалым Қадырәлі, Қайролла Мұқанов, Социал Жұмабаев, Таңат Сүгірбаев, Жоламан Шақанов, тағы басқалар тыңғылықты істер атқарды. Осы азаматтардың зор енбектерінің арқасында көптеген абзal жандардың есімі арамызыға оралды.

Облыс орталығындағы мемориал кешенінің төрінде тұрған сегіз мыңға жуық құғын-сүргін құрбандары мен зардап шеккендердің есімдері жазылған, кейін де жазылатын Ескерткіш қабырға орнатылуы өніріміздің саяси өмірінде үлкен қоғамдық оқиға болды.

Мұндай мән-мазмұны, саяси-қоғамдық мағынасы зор орынның облыс жұртшылығының мерейін өсіретіні сөзсіз.

Осы ағайындар зираты ретінде республика және Ресей Федерациясының әр облыстарынан келгендер әкеleрінің, аталарының рухына тағзым ететін қасиетті орын болып отыр. Яғни бұл Ескерткіш қабырға республикалық қана емес халықаралық мәні бар нысан екені ақиқат.

Ешбір үйымның, басқару мекемелерінің жоспарында жок ескерткіштің туу тарихы ауыз толтырып айтартылғатай оқиға екенін жүртшылықтың білгені жөн болар.

Ол былай болды.

Менің бір жылда екінші рет Астанаға жолым түсті. Он екінші жылдың жазында онда саяси құғын-сүргінге арналған ғылыми конференция болды. Сол жолы бізді, конференцияға шақырғандарды «АЛЖИРге» экскурсиya апарды. Осы тамұқтан өткен 7300 тұтқын әйелдерге арнап есімдерін гранит тақталарға жазылған Ескерткіш

қабырғаны көрсettі. Көріп болғасын маған ой келді – біздің Қызылжар қаласындағы қара таңба орынға осындаи ескерткіш салсақ қайтеді деген.

Қабырғаның фотосуретін елге ала келдім.

Ақсақалдармен ақылдаса келе нақтылы шешімге келіп, оны іске асыруға белімді буып кірісп қеттім.

Жаздың бір күні қала әкімі Нұржан Әшімбетов мені қаладағы ескі мешіттің жаңына келуге телефон арқылы шақырды. Келдім. «Нұр» мешіті алдында әлгі әкім өзі, мешіттің имамы және бір азаматша жиналышты. Мәселе – мешіттің ескі қоршауын жаңартуға ақыл қосуға мені облыс ақсақалдар алқасының төрағасы ретінде әнгімеге қосқан еken. Мәселе шешілді, тарқар алдында бұрынғы қала әкімдігіндегі архитектор бөлімін басқарған София Зейнелғабиқызын сөзге тарттым. Бұрын таныс болмаған соң: «Қарағым, қай жерденсін?» – деп қарттардың әдетінше сұрадым. Тұпкі ата-мекені менің ауылыма көршілес елден еken. Сол арада: «Ой, қарғам, өзімнің жерлесім екенсің гой, саған бір сауалым бар, орындасан», – деп әнгімеге тарттым. «Айтыңыз, ага!» – деді. Өзімізде орнатылмақшы ескерткіш қабырғага байланысты ойымды тарқатып, соның эскизін салып берсе деген сауалды айттым.

Бірақ, дедім, менде ақша жоқ, ақы-пұлсыз орындасан, дұрыс болар еді деген өтінішімді жеткіздім. Астанадан әкелген фотосуретті бердім, салатын орынды көрсettім. Мың жауғыр, тез арада тілегімді орындағап берді.

Енді құрылышқа жобалы-смета құжаты керек, онсыз құрылыш мүмкін емес. Ол үшін қайда барам, кімге өтінем. Баяғыда қызметте болғанда «Севгражданпроект»

институтымен істес болғаным есіме түсіп, сонда баруды шештім. Ол мекеменің жаңа басшысы кім екенін сұрастырып білдім. Татьяна Колкова екен. Оны білетіндер маған: «Өй, Болат, ол өте қатал адам, ақысыз маңайына жуытпайды, іс шықпайды, өзің біл», – деді.

Тәуекел, мүмкін тіл табысып қалармын, өмірдегі келіссөз жүргізетін тәжірибеме сүйеніп бардым, таныстым, сейлестім, келген мәселені айттым. Айтқандай, сауалымды жеткізер, жеткізбесте: «Біз мұндай жұмысты ақысыз жасамаймыз», – деп бір-ак қақты.

Икемдеп, жайылып, біраз әнгімелестік. Адамгершілік сана сезіміне ықпалымды түйістіріп, әйелдің нәзік жанына сөзім өтіп, ақыры, адам баласы ғой, келіссөз жемісін берді. Екі ай ішінде институт құжаттарды дайын қылды.

Замандастарым қалжындан: «Беке, әйелдің тілін табатын өнерің сөнбекен екен», – дейтін.

Екі құжат дайын болғасын, қолға ұстап, жаныма үш кісіні ертіп алып (Зейнолла Олжабаев, Дәulet Ӯмаров, Сайран Өтеубаева), облыс әкімі Серік Сұлтангазыұлы Біләловтың «Нұр Отандағы» қабылдауына бардық. Мәселенің мән-жайын түсіндіріп, құжаттарды көрсетіп, сауалымызды қойдық. Тәнір жарылқағыр, бірден түсініп, қолдады. Мың рахмет айтып шықтық.

Енді мәселе – күрылышқа қаражат табу. Қайдан ала-мыз? Бәрін айт та бірін айт демекші, қаражат мәселесі ең күрделісі болды. Бюджеттен бөлінбейді. Біздің корда тиын да жок.

Облыстың ішкі саясат басқармасымен келісіп, телемарафон өткізуді шештік. Аудандармен хабарласып, «Қызылжар» телеарнасын дайындаған, іс-шараны ойдағыдай

өткіздік. Телеарна басшысы Кәрібай Мұсылманнның да еңбегі зор болды. Аудандардағы, Петропавлдағы кәсіпкерлер зор үлес қосты, әжептәуір қаражат жиналды. Тыңғылықты мердігер құрылышылар тауып, келісімшарт жасап, іске кірісіп кеттік.

Бұл арада айта кету керек, аяғымызға тұсау болған жәйіт - жер телімін құжаттау бюрократтық тежеуге жолықтық. Құрылыш салуға облыс әкімінің рұқсаты бар болса да, құжатты дайындауды қалалық жер бөлімі төрт айға созды. Ақыры оны да айқайласумен іске асырдық

Құрылыштың басталуы куантса да, жалғастыру мүмкіншілігі қаражатқа келіп тірелді.

Кәсіпорындар басшыларымен, кәсіпкерлермен, жеке адамдармен қинала-қинала сез бастап, келісімге келу жүйкені жұқартып, көптеген қыншылықтарды өткеруге тұра келді. Алда құдайлап құрылышты аяқтауға жақындал қалғанда Ақмола облыстық ұлттық қауіпсіздік комитетінен бізге ауысқан аудандардың 953 саяси құғын-сүргін құрбандарының тізімін жіберді. Алқымнан алған оқыс оқиға осы болды.

Өйтіп-бүйтіп, өлдім-талдым деп аяқтауға тағы үш миллион ақша жетпейді. Енді қайттік? Сол кездегі облыс әкімі Ескендіров мырзаға айтқан сауалымызға қаражат жоқ деп кесіп айтты.

Құдай жөнін берейін десе, береді екен.

Мениң бағыма жаңадан облыс әкімі болып ойламаған жерден Ерік Хамзаұлы Сұлтанов келді. Оның алдындағана Ерік Хамзаұлы Петропавлға келіп әкесінің 90 жылдығына ас берген. Марқұм әкесі Хамза Сұлтановпен Сергеев ауданындағы Бұлақ кеңшарында ол бас бухгалтер,

мен бас агроном болып бірге қызметтес болғанбыз. Эрі үй арасында үй жоқ көрші болдық. Сол жолы Ерік мырза қаннен қаперсіз маған өзінің визиткасын беріп: «Аға, кез келген уақытта, қандай сұрақ болса да, хабарласып тұрыныз», – деді. 27 мамыр күні Астанада кездесетін болып келіскеңбіз. Шаруа бітіп, кешке телефон шалсам, Ерекен: «Мен Петропавлдамын, облыс әкімі болып тағайындалдым», – дейді.

Атым бәйгеден озғандай куанып, ертеңіне қабылдауына бардым. Әуелгі арызым құрылышқа жетпей тұрған үш миллион теңге ақша болды. Мәселе тез арада шешіліп, құрылыш аяқталып, ашылу рәсімі өтті.


Сейтіп үшінші облыс әкімінің тұсында Ескерткіш қабырға, оған қоса аштыққа арналған бір, депортацияға арналған бір стела өмірге келді.

Депортация – сұмырай Сталиннің сұрқия саясаты еді. Көптеген ұлттардың тағдырындағы қасіретті заман оқиғасы болды. Елінен, жерінен жазықсыздан жер аударылды. Олардың ұлт ретінде сақталып қалуларына біздің қазақ халқының көрсетілген қамқорлығы. Бұны күні бүгінге дейін бүгінгі ұрпактары да ауыздарынан тастамайды, зор ризашылықтарын білдіреді.

Біздің облысқа 10 ұлттың 135 мыңнан астам өкілдері 1944 жылды келіп, ақиқатын айтқанда, екінші отандарын тапты.

Бауырласып, көп жыл бірге дәмдес болып, тату-тэтті өмір сүрді, ашысы мен тұщысы, ауыры мен зардабын бірге бөлісті.

Депортация зардабын ұмытпасқа осы мемориал құрамында стела ескерткіш тұр.



Қазақ халқына қасірет әкелген, бір емес екі мәрте қайталаңған қолдан жасалған аштық.

Тоталитарлық режимнің геноцид саясатының күрбапы болған 4,5-5 млн. адамдар.

Мемориалдағы аштыққа арналған ескерткіш стелада 1,5 миллион адам аштықтан қаза болған деп жазылды. Ол Назарбаевтың сөйлеген сезінен алынған. Тарихшылар әлі де ізденуде.

Өкінішке орай, біздің облыс бойынша қанша адам аштықтың құрбаны болғаны белгісіз, есеп болмаған. Тарихтың тұңғиғыныңда қалған құпия.

Ескерткіш қабырғадағы әрбір есім – бір тұлға. Адам ретінде өмірге бергенінен берері көп, мақсаты мен арманы бар, бірі мемлекет қайраткері болса, бірі кәдуілгі қарапайым еңбекші. Бәрінің де өмірге деген құштарлығы тамұқ отында өртеніп кетті. Негізінен олар елдің, қоғамның қаймағы еді. Тоталитарлық үкімет геноцидтік саясат арқылы қазақ елінің егеменді мемлекет болуына ат салысатын қайраткерлердің көзін жою, жалпы қазақ ұлтын қырғынға ұшырату мақсатын іске асыру болды.

Бұлай болмағанда ғасыр бұрын тәуелсіз, егеменді ел болып қалыптасып, іргеміз бекіген, шанырағымыз шарықтаған, өркеніміз өскен алдыңғы қатарлы елдердің сабында жарқын болашақта өмір сүретін едік.

Сөйтіп үшінші облыс әкімінің тұсында Ескерткіш қабырға, оған қоса аштыққа арналған бір, депортацияға арналған бір стела өмірге келді. Сонымен жалпы мемориал құрылсызы алты облыс әкімдерінің тұсында аяқталды деп жүрдік.

Жаныма тыныштық таппайтын менің ойыма тағы бір іс түсті. Ол – жиырмасыныш жылдары тап жаулары ретінде еріксіз жер аударылғандарға, сталиндік тоталитарлық режимнің құрбандарына мемориал құрамында ескерткіш орнату.

Осы ұсынысыммен облыс әкіміне сауал жолдап, қолдау таптым. Қазір тиісті ресми қызметкерлеріне тапсырыс берілді. Истің орындалуы мына індегің қырсығынан кешеуілдеп тұр.

Мемориалдағы әрбір ескерткіш бір-бір роман жазуга тұрарлық. Әрқайсысы сүм заманың қайғы-қасіретке толы бір белесі.

Мемориалдың ең басты ескерткіші – монумент. Әуелі монумент туралы авторының идеясы мынандай:

Астыңғы құрылым – тұтқындар отырған кішкене тerezelerі темірмен бекітілген камералар.

Үш темір релстердің бірі қара түсті ел басына төнген қара түнек, екіншісі қызыл түсті. Халықтың телегей-төңіз аққан қаны, ал үшіншісі – ақ түсті – болашақтың символы.

Ортада орналасқан пирамида тәрізді тас – ол атылған адамдар символы, жоғары жақтағы бір-біріне көлдененін бекітілген темір тұтқындар – қамалған темір тордың символы ретінде.

Екі мәрте қолдан ұйымдастырыған аштық осы мақсатты іске асыру жобасы болғанын тарих көрсетіп отырғой. Осы қырғында ұлттымыздың 4 миллиондай халқы қаза болмаса, бүгінде 50-60 миллион халқы бар ел болар еді.

Депортация деген сұрқия саясаттың ойлап тапқан бір пәлекеті болды. Туган жерінен айырылып зар еніреткен неше елдің халқы нақақтан-нақақ құғынға ұшырады.

Еріксіз елдерінен қуылып, біздің облысқа келген 10 үлттың құрбандар саны:

Корейліктер: 9350,  
Немістер: 79000,  
Шешен, ингуштар: 20729,  
Поляктар: 21000.

Қысты қуні 24 сағат ішінде мал таситын вагондарға тиеп, белгісіз бағытта алып кеткен олардың көрген қорлығы тарихта болмаған тағдырдың теперіші.

Ері де, әйелі де бір вагон ішінде сөткелеп далаға шықпаған, шығармағасын мал ретінде ұстаған гой. Адамдарға тағылық тамұқ көрсеткен басшылардың өздері андар кейпінде. Өлгендерді жол бойы айдалаға лақтырып кетіп отырған, басқа амал жоқ.

Қыс ішінде қар ұстіне аш-жалаңаш бала-шаға, кәрі-құртаң жандарды тастап кеткен аюандық емей не-мене!

Біздің облысқа оншақты үлттың өкілдерін экелген. Қазақ халқының зор адамгершілігінің арқасында үлт ретінде аман қалдық деп жылағанда етектері жасқа толады.

Жетпіс жылдан артық уақыт өтсе де, өлімнен аман қалған, қазақтың соңғы кесек нанын бөлісіп жеген үлттар қуні бүгінге дейін ерекше толғаныспен еске алады.

Әр бейшараға қол үшін берген, бауырына басқан, барымен бөліскен біз осындаі халықпыш! Ерекшелігімізben әлемге белгіліміз. Біз қазақпыш!

Бір бүйірде жатқан көкейтестің бір мәселені айта кетуді жөн көріп отырымыз.

Біздің облыста әр жылдары қызмет еткен бірнеше облыс әкімдерден сөз жүзінде ұсынысымыз қолдау тапсада, жүзеге аспай тұрған мемориал құрамында мұражай салу мәселесі. Жоғарыда айтқанымдай, Ескерткіш қабырғадағы әке-ата есімдеріне тағзым етуге жан-жақтан келгендерге мұражай өте қажет. Бұтінгі үрпақ аталары, әкелері туралы мәліметсіз ғой. Қабырғадан есімін тапсада, оның кім болғанын, қалай қуғынға ұшырағанынан бейхабар. Мұражай тұрса керекті мәлімет табар еді.

Мұражайда жалпы зардал шеккен зарлы замандардағы халқымыздың басынан өткен оқиғалар туралы, аштық пен депортация туралы толыққанды деректерді табуға, танысуға мүмкіндік туар еді. Бәрібір осы қажеттік іске асып, бүгінгі үрпаққа қызмет етер деп сенеміз. Сәті түсер-ая!

Мемориал – ескерткіш кешені, ол біріншіден саяси қуғын-сүргін өртіне ұшыраған зар заманың құрбандары мен зардал шеккендердің есімдері мәңгілік сақталатын, үрпақтары тағзым ететін ескерткіш. Екіншіден, бұтінгі және болашақ үрпақтарға осындағы қырғын індеттерден сақ болуға ескерту символы.

Үшіншіден, еліміздің жарқын болашағы үшін куресіп, зардал шеккен аға үрпақтың есімдерін бүгінге қайтарған біздердің атқарылған парызыздың бірі деп түсінген жөн.

Тындырылған істен кейін тыным таба алмайтын Алланың өз басыма берген бір қасиеті. Тағы бір мәселе бойымды жаулап алды десем, мүмкін, дұрыс шығар.

Жуырда маған бір ой келді.

Ол – жиырмасынышы жылдары сталиндік тоталитарлық саясаттың ойлап тапқаны – байларды тап жаулары ретінде жер аудару. Бұл да сол геноцидтің бір саласы ғой. Байлардың тегін адамдар еместігі белгілі. Қоғамды алдыңғы қорлы адамдардан тазарту.

Бұл істі Кеңестің жендеттері зор ықыласпен тер төгіп енбек етті. Сотсыз, тергеусіз сан мындаған ауқатты адамдарды Арал теңізі аймағына, тағы басқа алыстағы жерлерге туған жерден айырып қуғынға ұшыратты.

Міне, 80 жылға жуық үақыт өтсе де, бұл қуғын-сүргінге көніл бөлінбей келе жатыр десем, қателік пікір бола қоймас.

Большевиктердің аюандықпен қалдырган қаралы іздерін қопарып, әділетті қолға алғанда, бұл жәйіт та тыс қалмауы керек.

Сондықтан сол жазықсыз зардал шеккендерге тиісті ескерткіш орнатқан адамгершілік зор парыз атқарылар деген оймен мен облыс әкіміне ұсыныс жасадым. Қолдау таптық. Қазір бұл іс-шара өзінің шешімін атқарылуында.

Міне, бұл алдыңғы атқарылған қоғамдық, саяси мәні зор істердің жалғасы.

Бұл арада айта кеткенді жөн көрем. Жуырда мұражай құрылсынына табылмай жүрген қаражат мәселесі шешілді. Облыстық кәсіпкерлер тиісті қаражатты өздері бөлетін болды.

Ендігі жерде осы ел патриоттары мұражай құрылсын өз қолдарына алады деп сенеміз.

Мемориалдың салынуына колдау көрсеткен бұрынғы облыс әкімдері Тайыр Аймұхаметұлы Мансұровқа, Серік Сұлтанғазыұлы Біләловқа және Ерік Хамзаұлы

Сұлтановқа құрылышқа қаражатпен көмектескен және «Память» қоғамдық қордың белсенділеріне зор алғысымызды жолдаймыз.

Бұл мемориал қасиетті (сакралдық) орын ретінде ресми түрде тіркелген.

Бұл орын тек біздің облыс қана емес, бүкіл республика, одан әрі бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған мемлекеттердің халықтары үшін қасиетті алаң. Мына Ескерткіш қабырғада бұрын осы өнірде тұрган, осы облыста қаралы қамыт киген, олардың отбасылары, ұрпақтары шет елдерде тұратын туыстарының есімдерін тауып, тағымым етіп, жылап тұрганын көзіміз көріп жүр.

Сондықтан бұл мемориал халықаралық мән-мағынасы бар шын мәніндегі мындаған жандардың жазықсыз жаза болғаны мәнгілікке орын алған. Осындай миллиондардың төгілген көз жастарының, жетім-жесірлердің сарқылмас қайғы-қасіретін баяндайтын ескерткіш монументтің салынуының басы-қасында болғаныма өзімді бір жасымнан көрген жетімдік зардалтарының қабат-қабат кірін жуғандай, мындаған шәйіттердің аруақтары разы болатындей, ұлы Абай айтқандай «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деп балалық, азаматтық парызымды атқарғандаймын. Өмірге келгендері міндеттерімді ақтағандаймын. Үш қоғамдық іс тындырдым деймін.

Егер біріншісі осы мемориал болса, екіншісі саяси-құғын-сұргіннен зардап шеккен ұл-қыздардың саяси әлеуметтік құқықтарын қорғауға арналған іс-шараларының шешілуі.

1993 жылдың 14 сәуірінде қабылданған «Саяси құғын-сүргін құрбандарын актау» Заңында екі статустың бірі (біріншісі – құрбандар, екіншісі – зардап шеккендер) – әкесі репрессияға ұшырағанда он сегізге толмаған, ата-ананың қамкорынсыз қалған балалар «Зардап шеккендер» санатына жату керек. Бірак, заң дайындалып қабылданғанда кеткен шалалықтың салдарынан осы статусты жетімдер ала алмаған. Ата-анасыз дегендеге анықталмаған: әкесіз бе, әлде шешесіз бе.

Сол кемшілікті түзету үшін мен 12 жыл арпалыстым. Бес мәрте Республика Парламентіне, екі мәрте Үкіметке, «Нұр Отан» фракциясына, тұра эфирге Президентімізге сауалмен шықтым, ақыры мәжіліс депутаты Кәрібай Мұсылманнның ықпалымен түзетулер енгізілген. Жаңа заң 2018 жылы 2 шілдеде қабылданды.

Республика бойынша жұз мындан астам құрбандардың неше жұз мың аруақтарына балалары неше жылдар бойы өздерінің занылық құқыларынан айрылып келді. Қанша зардап шеккен адамдардың алғысын алдым.

Соңғы жылдары мен айналысып жүрген үшінші мәселе – саяси құғын-сүргін, сталиндік тоталитарлық режимдік құрбандарының мәйіттері қай шұнқырда қалғаны белгісіз. «Карлагтың» тамұқ лагерінде миллион шамасында адам қамалған.

Ұзындығы 360, көлденені 70 шақырымдай кең байтақ жерде шаруашылықтың неше түрінде ақы-пұлсыз зорлық-қорлық жағдайда еңбек еткен тұтқындар жұмыста ауруға шалдырып қайтыс болғандардың қай шұнқырда қалғаны күні бүтінге дейін белгісіз. Тарихшылардың зерттеуінде

айтылғандай бір жамбыға 10-15, тіпті 50 мәйітке дейін тыр жалаңаш тастап шала көмілген.

Осындай белгісіз көмілген құрбан тұтқындардың зиратын табу оңайға түспей отыр. Біраз істің құпиялары ашылмай жатыр. Жаңа құрылған комиссияның көмегі болар деймін. Әзірше Парламент депутаттарымен, бас прокуратура архив қызметкерлерінің көмегіне сүйеніп аз-мұз қызмет ету демін.

Бұл күрделі мәселе оң шешімін тапса, миллион демейін, сан мындаған ежелгі үмітін үзбекен жандардың разылышына қол жетер еді дейміз.

Әсіресе, Қарағанды облысынан сайланған Парламент мәжілісінің депутаты, көп жылдай Карлагқа байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп келген заң ғылымының докторы, қайырымдылы Нұрлан Дулатбековтың әсерлі көмегіне сүйенемін. Сол азаматпен бірлесе қызмет атқарудамыз.

Міне, осы үш проблема Қазақстан қоғамына, жұмындаған адамына пайдалы әсер тигізер-ау.

## МЕМОРИАЛ

**Мой семнадцатилетний труд по увековечению памяти жертв массовых политических репрессий и сталинского тоталитарного режима стал неотъемлемой частью моей жизни.**

Если смотреть критическим взглядом на пережитое, то видишь, что каждый шаг для достижения поставленной цели дается нелегко, но вызывает определенное чувство удовлетворения.

Самое примечательное – такое масштабное дело началось на голом месте, при отсутствии планов руководящих органов на этот счет, стало совершенно новым событием в жизни нашей области.

Задаюсь вопросом, что толкнуло меня на такой шаг и стало движущей силой в дальнейшем. До этого такая идея даже во сне не приходила ко мне. Думаю, прежде всего мной руководило всё пережитое, начиная с раннего возраста.

Однажды летом, оказавшись возле русского драматического театра им. Н. Погодина, мне пришлось наблюдать, как сносилось бульдозером здание, где в тридцатые-сороковые годы располагалось учреждение НКВД. Мне представилось, как пытали моего отца в этом аду, и не только его. Здесь тысячи невинных людей мучительно пережили адские испытания, нечеловеческие издевательства, невыносимые пытки, от которых многие распрошались с жизнью.

Эти мысли не давали мне покоя, глубоко запали в душу. Подумалось: почему бы на этом священном месте не поставить памятник? И с этого всё началось.

Сначала создали инициативную группу из числа аксакалов, от имени которой начали обращаться в акимат города с предложением об отводе этого земельного участка для строительства памятника.

После первого обращения, убедившись в его бесплодности, учредили юридическое лицо – общественный фонд «Память», рассчитывая на его воздействие должным образом для положительного решения вопроса.

После пятикратного обращения к акиму города Петропавловска господину Никандрову и жесткого разговора с его заместителем П. Глобой я обратился к акиму области господину Смирнову, который внимательно выслушал мое предложение, немедленно принял решение, дав конкретное задание главному архитектору области Дворникову об отводе земельного участка и управлению финансов – по выделению в 2004 году на строительство памятника 10 млн. тенге. Естественно, я выразил благодарность от имени фонда. Вскоре убедился, что действительно его указание выполнено.

К великому сожалению, к концу года Смирнова перевели в Астану, а на его место прибыл Т. А. Мансуров. Новый аким области при объезде для знакомства с городом остановился у злосчастного участка и спросил у Дворникова, что будет на этой площади, на что тот ответил, что здесь запланирован памятник жертвам массовых политических репрессий. А Мансуров категорически заявил, что здесь будет строить жилой дом Наурыз банк.

Кто может изменить решение акима области? Эта весть, конечно, доставила нам немало переживаний. Я сильно переживал и сгоряча, как сейчас помню, заявил: «Я лягу под трактор, если будет строиться жилой дом на этом месте. Духи тысяч погибших в камерах НКВД не дадут покоя жильцам будущего жилого дома. Этого не простит сам Аллах».

Отказ акима области меня сильно расстроил. Ведь немало усилий было уже вложено. Как быть?!

Собравшись с силами и набравшись смелости, решил не сдаваться, выступить против обидевшего меня решения Мансурова.

Вскоре обратился к некоторым телеканалам с обоснованием необходимости воплощения нашей идеи. Конечно, высказывал свое недовольство.

К счастью, мои неоднократные выступления по телеканалам республики и области, особенно по КТК, дошли, видимо, до акима, который пригласил меня на прием к себе: или сломать мне рога, или ознакомиться подробно с нашими решениями, вникнуть в суть их. Дело было так. Однажды я находился в кабинете начальника областного управления внутренней политики. И вдруг звонок из приемной акима, он спросил, как найти Сагиндыкова, и, узнав, что я здесь, в управлении, пригласил к себе на прием к 15-ти часам. Побывав у него на приеме и положительно решив эту проблему, я убедился в правильности своих смелых поступков.

Зайдя в его кабинет, естественно, поздоровался по казахскому этикету, но он сдержанно принял мое приветствие и кивком головы указал на место, куда я должен

сесть и произнес одно слово: «Говорите». Я, конечно, понял, какой вопрос его интересует. Подробно изложил свои проблемы, умолчав, как мы договорились с начальником управления внутренней политики Касеиновым, чтобы не задеть самолюбия нового руководителя, о положительном решении бывшего акима. В течение всего моего рассказа он сидел молча, без всяких эмоций, не подняв ни разу голову.

Потеряв надежды на положительное решение вопроса, я уже собрался уйти, но подошел к его столу и говорю: «Тайир Аймухаметович, а ведь мы с вами воспитанники одной школы». Он удивленно поднял свою голову, с недоумением заметив, что он из Талдыкоргана, а я из Петропавловска.

«Вы в каком году окончили учебу в Высшей партийной школе?». Он сказал, что 1979 году. «А я эту партийную школу при ЦК КПСС в Москве в 1972 году окончил, с отличием».

Он встал с места, подал обе руки и сказал «Аксакал, все вопросы я решу немедленно». От него я ушел радостный.

Через время он приглашает меня в акимат к 12-ти часам. Зашел в малый зал, а там полно народа, а на столе у стены – макет монумента, куда подойти меня приглашает аким: «Аксакал, ознакомьтесь с проектом, какие замечания имеете?!». Я выразил удовлетворение.

Аким всех сидящих в зале проинформировал, что начало возведения монумента – апрель месяц. После месячного отсутствия, в начале мая я приехал и убедился, что работы не ведутся. Разобрался, оказывается есть 10

нерешенных вопросов: 5 из них – в городском акимате, и пять – по документации. Немедленно доложил в письменном виде об этом акиму области. Конечно же, они быстро нашли свое положительное решение.

Вскоре началось возведение монумента. Темпы работы ускорились в связи с намеченным приездом в область кандидата в президенты Нурсултана Назарбаева. 24 августа состоялось открытие объекта. На митинге выступил аким области Т. А. Мансуров, после него я, затем сотрудник СКГУ. Состоялось возложение цветов. Собравшись по этому случаю огромная толпа людей. Много было высказано благодарностей, некоторые близкие жертв репрессий прослезились.

Что касается значения отдельных элементов монумента, можно по идеи автора проекта сказать следующее. Основой является строение, похожее на помещение, означающее камеру НКВД, в которой пытали допрашиваемых. Наверху – строение, похожее на пирамиду, означает людей, расстрелянных и окруженных железными рельсами, что, в свою очередь, означает, что по этим рельсам везли заключенных. Их цвета: черный – означает смерть, красный – кровь, а белый – надежду на светлое будущее. Наверху решетка – тюрьма, зона для заключенных.

Уходя, люди говорили со мной, благодарили. Были предложения, пожелания о том, чтобы на памятнике были написаны фамилии наших отцов. Эта идея засела в моей памяти. Она толкнула меня на дальнейшие действия.

Чтобы воплотить эту идею в жизнь, предстояла большая работа. Прежде всего нужно было пофамильно собрать список жертв репрессий, составить справочник

с указанием данных о месте рождения, работе, по какой статье осужден, выяснить, кто остался из членов семьи после его репрессии, кем и когда реабилитирован. Пришлось работать коллективно, прежде всего с помощью управления внутренней политики, архивов.

С трудом собрав необходимые материалы, выпустили двухтомник, где фамилии располагались по районам, по алфавиту. Разослали эти справочники по районным отделам внутренней политики и другим учреждениям для сверки, уточнений. Справочник помог нам впоследствии составить список для занесения на гранитные плиты на Стене памяти, которая сегодня является частью мемориала.

Нам вместе с центром «Асыл мұра» удалось выпустить две книги с воспоминаниями: одна – «Ақталған есімдер» («Возвращенные имена»), вторая – «Есімдері мәңгілік есте» («Увековеченные имена»). В них вошли воспоминания родственников, биографии, другие сведения. А также размышления о том, как они оказались врагами собственного народа в результате тоталитарного режима.

Здесь не могу не отметить вклад в это добре дело работников областного центра «Асыл мұра». Это Галым Кадыралы, Кайролла Муканов, Социал Жумабаев, Танат Сугурбаев, Жоламан Шаханов. Их неоценимый труд вернул нам имена великих деятелей и простых тружеников.

На территории мемориала стоит Стена памяти, на которой на гранитных плитах размещены фамилии более ста тысяч шестисот сорока жертв и пострадавших от массовых политических репрессий и сталинского

тоталитарного режима. Этим самым учтены пожелания близких родственников, высказанные при открытии монумента.

Строительство этой Стены также стало огромным событием в политической жизни области. На её открытие так же, как и на открытие монумента, собралось очень много людей.

После окончания митинга наш главный имам центральной мечети Жақия қажы прочитал по нашей просьбе молитву. Народ долго не расходился, люди искали и находили фамилии своих отцов и дедов, безмолвно стояли с цветами в руках, со слезами на глазах. Среди них были тогда и позже люди из других областей нашей республики и Российской Федерации: Омской, Тюменской, Курганской областей.

Стена памяти стала символом братской могилы, сюда приезжают поклониться праху невинно ушедших из жизни близких людей.

Мемориальный комплекс нашей области, насколько нам известно, – единственный в республике, он вошел в число сакральных объектов. Мы можем гордиться исполненным долгом перед памятью отцов и дедов.

Этот священный объект имеет не только республиканскую, но и международную значимость, ибо это касается памяти не только казахстанцев, но и представителей других республик.

Об этом должны знать как нынешнее, так и будущее поколения, историю строительства Стены памяти.

В 2004 году меня пригласили в Астану на научную конференцию, посвященную проблемам массовых

политических репрессий. После завершения её работы нас повезли в «АЛЖИР» (Акмолинский лагерь жен изменников Родины), там я увидел стену, где на гранитных плитах занесены имена более семи тысяч заключенных женщин. После знакомства с этим памятником мне подумалось, а почему бы такую же Стену памяти не установить у нас в Петропавловске. На всякой случай сфотографировал эту стену. Всю дорогу домой я обдумывал эту идею, которая заняла все мои мысли.

Однажды к концу рабочего дня мне позвонил аким города Нуржан Кемерович Ашимбетов и пригласил подъехать к старой мечети, что в центре города. Приехал, там находились аким, имам мечети и женщина. Потом узнал, что она архитектор. Разговор состоялся о замене старого ограждения территории мечети на новое. Когда, обсудив, приняли решение, я обратился к архитектору, познакомились ближе. Оказалось, что она моя землячка. София Зейнел-Габиевна – дочь знаменитого писателя Иманбаева, пенсионерка, бывшая завотделом архитектуры города, имеет свой офис, предприниматель.

Я обратился к ней: «Сестра, нам нужна твоя помощь». Далее рассказал свою идею о строительстве Стены памяти, подобной той, что в «АЛЖИРЕ». Говорю, нам нужен проект, я бы просил тебя это выполнить. Только у меня денег нет, придется выполнить бесплатно, в порядке спонсорской помощи. Благо, она согласилась, и в скором времени эскиз проекта был у меня на руках.

Теперь на строительство такого серьезного объекта потребовалась проектно-сметная документация. Куда идти? Вспомнил, что в прошлом по работе сотрудничал

с институтом «Севгражданпроект». Это было давно, руководство поменялось. Нынешний директор – некая Колкова. Знающие её люди предупредили меня, что она жесткая, бесплатно никому ничего не делает. Опираясь на свой немалый опыт переговоров с людьми, и в том числе – с женщинами, решил: была ни была, пойду к ней.

Разыскал институт, зашел в её кабинет, сел и начал разговор. Только начал излагать суть моего прихода, она тут же: «Мы бесплатно ничего не делаем!».

Но настойчивостью я не обделен. Удалось в мирном русле продолжить разговор. Короче говоря, она согласилась нам помочь. Через два месяца документация была готова. Я благодарен Татьяне Колковой за понимание необходимости и значения благотворительного дела.

Теперь предстояло самое главное – найти поддержку нашей идеи в сооружении самой Стены памяти.

Со мной на прием к акиму области Серику Султангазиновичу Билялову для весомого представительства пошли Сайран Утеубаева, Зейнолла кажы Олжабаев, Даulet Омаров. Разговор состоялся в «Нур Отане», и к нашей радости мы нашли полную поддержку.

Теперь нужны были деньги, бюджетные средства не могли быть выделены. А где взять?

С согласия управления внутренней политики и тогдашнего директора областной телерадиокомпании Карибая Мусырмана провели телемарафон. К проведению этой благотворительной акции подключились все районы и город. Собрали порядочную сумму.

Очень важно отметить спонсорскую помощь предпринимателей. Особо хочется отметить вклад Нагашыбая

Барлубаева, братьев Ерика и Серика Биляловых, Абиева Екпина и многих-многих других. Определили подрядчика в лице Виктора Васильевича Любимова, который от и до выполнил все строительные работы добросовестно и качественно.

На разной стадии строительства хочу с благодарностью отметить поддержку акимата области, особенно его акимов – Серика Билярова и Ерика Султанова.

При этом не могу не сказать о волоките, созданной отделом земельных отношений городского акимата, который почти полгода тянул с документацией по отводу участка земли.

Растянувшееся из-за нехватки финансовых средств строительство подходило к завершению, и тут неожиданно из Акмолинской области предоставили еще список из 953 имен репрессированных бывших кокшетауских, а ныне наших. Пришлось Стену продлить на десять метров и искать еще порядка трех миллионов тенге. А где взять? Работавший тогда акимом области господин Есцендиров отказал в нашей просьбе.

К моей радости нежданно-негаданно акимом области стал Ерик Хамзинович Султанов, которого знал с детства, так как с его отцом работал в одном совхозе: он – главным бухгалтером, а я – главным агрономом.

Побывав у него на приеме, высказал свою просьбу помочь завершить строительство Стены памяти. Словом, вопрос решился без проволочек. И открытие объекта состоялось в 2015 году.

Очень важно, что установлены две стелы: одна посвященная Году двадцатых годов, где указано, что

от голода умерло 1,5 миллиона человек. Позже стало известно: по данным историков, число умерших от голода в два этапа, в двадцатые и тридцатые годы, – порядка 4-х,5-ти миллионов человек.

Если бы не голод, созданный в результате геноцида, нас, казахов, сегодня было бы 50-60 миллионов. К сожалению, по голоду по нашей области нет данных.

Как можно без проклятий воспринимать факты геноцида, исследованные историками, которые говорят о проводимых казахам прививках с раствором, после которых люди сходили с ума, теряли человеческий облик.

Что только не пережил мой бедный народ! Как воспевал поэт Жубан Молдагалиев: «Тысячи раз умерев, тысячи раз ожидал».

Да, столько раз наш многострадальный народ становился жертвой своей тяжкой судьбы, много раз преодолевал крутые преграды жизни!

Что касается депортации, то в нашу область в тридцатые и сороковые годы заселено более 135 тысяч депортированных. С родных мест изгнано в тридцатые годы корейцев – более 9350 человек, в сороковые: немцев – 79000, поляков – 21000, чеченцев и ингушей – 20729 человек а также представителей других национальностей. Депортация – следствие выдумки Советской власти о ненадежности этих народов в годы Великой Отечественной войны.

А как чудовищна была эта бесчеловечная акция! Зимой в течение 24 часов погрузив в тысячи вагонов, везли их в неизвестном направлении. В одном вагоне везли и мужчин, и женщин, без туалетов, без остановок

Умерших по дороге выбрасывали на землю, куда и где попало. Слов не подберешь для осуждения такого звериного отношения к людям.

В Казахстане в зимнюю стужу выгружали людей без теплой одежды, без питания. Там и стар и млад. Их разбирали по аулам и деревням.

Я мальчишкой помню, как их раздавали по домам.

В наш дом подселили сначала три семьи, позже остали одни. Дед с бабушкой и подросток по имени Ахмет. Быстро сжились. Старики верующие, читали намаз. Моя мама тоже верующая, и её отношение к ним было очень уважительное, она создавала им самые хорошие условия для жизни: мы делились своими продуктами, вместе недоедали. Помню, с Ахметом собирали корни лопуха, вместе варили их, ели. Он стал для меня как родной старший брат.

Чеченцы, ингуши, балкары, карачаевцы по сей день отзываются о нас как об особом народе: благожелательном, добром, делившем с ними всё, что было у самих.

Со мной в Москве учился балкарец Куаныш Адемеевич Джаппуев. Он девятилетним мальчиком был депортирован в Жамбылскую область и прожил там до возвращения на свою родину. Делился со мной самым сокровенным, очень хорошим отношением казахов к ним, балкарцам.

Где-то в 1986 году Куаныш пригласил в Нальчик отдохнуть. Я ездил туда с другом Дуйсебаем Айтжановичем. Он встретил и устроил в санаторий, создав отличные условия для отдыха и лечения. С ним мы побывали в горных районах, где нас встречали как самых дорогих гостей, вспоминая историю пребывания в Казахстане и отношения

к ним, балкарцам. В Нальчике встретился с кабардинцем по имени Владимир. Он рассказывал, что попал в Казахстан грудным ребенком. Жили в семье, где был тоже грудной ребенок. «У моей мамы не было молока в груди, так хозяйка в первую очередь кормила меня, потом свое дитя». Как без восхищения можно относиться к великодушию той благородной матери-казашки?! Не пример ли это гуманного героизма людей в тяжелые годы судьбы, подкинутой сталинскими властителями?

В Петропавловске в казахской (единственной в городе) школе-интернате № 5 им. Калинина со мной с 8-го класса училась чеченка Тамара Калиматова. После окончания семилетки собралась в город продолжать учебу. В комендатуре района ей не разрешили выезд из аула. Она сбежала, устроилась в нашей школе. Однажды в начале учебного года милиционеры арестовали её и увезли на наших глазах. Мы видели, с какими слезами на глазах шла она оскорблённая. Кое-как удалось ей окончить школу. Была отличницей учебы, участвовала в художественной самодеятельности, посещала курсы домристов в спецшколе. И можно привести много примеров издевательского, нечеловеческого отношения к депортированным.

Наш мемориал – одна из ярких страниц истории, которая будет жить вечно. К сожалению, мы ещё не знаем многие закрытые сверхсекретные страницы, думается, их откроют следующие поколения. И на этих страницах нашего прошлого будут учиться наши потомки.

Есть один проблемный вопрос, который душа покоя не даёт, так как никак своего положительного решения

не находит. На территории мемориала нужен музей. Приезжают потомки поклониться предкам. Находят родную фамилию на Стене, но многие не знают, кто он был, за что пострадал, за что лишили жизни. Об этом жестоком времени можно было бы узнать в музее. Уже несколько лет вносится предложение о строительстве музея, где достойное место занимали бы стенды о Магжане Жумабаеве и других общественных деятелях. Здесь должны быть и залы о депортации, о всех репрессированных.

Необходимость музея признает руководство области. Вот уже несколько акимов области подтверждают, что надо бы. Однако все ссылались на отсутствие финансовых средств.

Могу с радостью отметить, что наши предприниматели выразили готовность решить эту проблему. Необходимая документация сейчас на проработке в строительном управлении. Надо полагать, что вскоре строительство музея начнется.

И, наконец, еще один вопрос находит свое решение. Это памятник так называемым классовым врагам – изгнанным без суда и следствия в Аральский и другие регионы зажиточным людям.

Более 80-ти лет эта тема была закрыта. Теперь наш фонд, лично я обратились к акиму области Кумару Иргибаевичу Аксакалову по данному вопросу, который нашел поддержку. В настоящее время отработана документация, собраны нужные средства, определен подрядчик.

Мне хочется назвать с благодарностью имена бывших акимов области, которые всячески поддерживали инициативу и оказывали помощь. Это Таир Айтмухаметович

Мансуров, Серик Султангазинович Билялов и Ерик Хамзинович Султанов.

**Болат САГИНДЫКОВ,**  
председатель общественного фонда «Память».  
Июнь 2020 г.

### **Пікірлер Отзывы**

Бұл мемориал көптің күшімен, халықтың қолдауымен салынған үлкен тарихи ескерткіш. Мұндай көpsалалы кешен республикадағы облыстар арасында біріншісі.

Ол облыстың тек мерейі ғана емес, келер ұрпақтарға жиырмасынышы ғасырдың халықты қан жылатқан үлкен қасіреті еkenін көрсететін, санамен сездіретін қасиетті орын.

Мемориал құрамындағы ескерткіштердің мән-мағынасын түсіндіретін, ұғындыратын жүртшылықтың пікірлерін осы кітапшаға кіргізуі жән көрдім. Бұл тек пікір ғана емес, көп жылғы еңбектің бағасы деп түсіну керек.

Пікірлер авторлары – құғын-сұргіннен зардал шеккендер, оқып тарихын зерттегендер, тағы басқа қоғам белсенділдері.

## **ҚҰРБАНДЫҚ ҢӘМ ҚАҢАРМАНДЫҚ**

Біз кімбіз, қайда барамыз?

Мына сайын даланың тау-тасы не деп жыр шертеді?  
Жер-су атаулары не мағына береді? Мына ескерткіш  
кімге, не үшін тұрғызылған?

Топырактан жаратылған адам баласы топыракқа ай-  
налады десек те адамзат жадын жаңғыртып, жас үрпаққа  
тағылым беріп тұrap ескерткіштер керек. Біле білсек,  
ескерткіштер өткендерден гөрі тірілер туралы көп сыр  
шертеді. Олар осы заман адамдарының рухани-мәдени  
денгейінен хабар береді.

Үрпағын ойлаган балаларымыз сонау есте жоқ ескі  
заманда Құлтегін ескерткішін орнатқан. Ол жәдігер бүгін-  
ге жетіп, біздің рухымызды көтеруге қызмет етуде.

Жаһандық көш-керуенге ілесеміз десек, жадымыз  
мықты болуы тиіс. Жадымызда жаңғыртар дүние же-  
теді. Бүгінде көнені жаңғыртып жыр айттарabyz aқсақал-  
дар, келіншек кезінде сәбиін әлдиімен еркелетіп, кейін  
немере-шөбересіне ертегі айтып берер әжелер сиреген.  
Жоқ дегіміз келмейді. Бар болар, әлі де бар шығар. Бәл-  
кім, соған оралармыз.

ХХ ғасыр қазақ үшін аса зор сынақтармен есте қалды.  
Қазақтың бүкіл рухани, саяси, мәдени көсемдері, көш-  
басшылары жиналған Алматы, қалың қазақ қоныстанған  
Торғай - Қостанай өнірі, Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Орта-  
лық өнірлері – бәрі-бәрі бір кездे қанға беккен, ак сүйекке  
толған. Ұлы даланың едәуір бөлігі Карлаг болып құрсау-  
ланған. Карлагтың орталығы болған Қарағандының өзінің

аумағында еркін қадам басар жер жоқ. Құлыптас түгіл, еш белгісіз қабір көп. Қадам басу қыын. Қалада сол зұлматтың жергілікті, яғни қазақ құрбандарына арналған ескерткіш жоқ. Бүгінге дейін жасалған ескерткіштердің мән-мағынасы, мақсат-мұраты болек. Олар шетелдік құрбандарға немесе Қазақстанға айдалып келгендерге арналған. Сана тұстастығы, тарихи сабактастық кемшін, кешенділік, өлкетанымдық сипат аз.

Жамбыл облысының Мойынқұм ауданының Жусандала жазығында Ақсүйек деген жер, елді мекен бар. Ол көп жұрт ойлағандай қазақтың ұлттық ойынының құрметіне қойылмаған. Арқадан түстікке, Шу бойына шұбаган жұрттың өзекке аштық түсіп, тұра алмай жатып қалған, ит-құсқа жем болған, сөйтіп қу сүйегі қалып, содан Ақсүйек аталып кеткен жер. Бетпақдала түгел сондай атауларға толы. Басқа өнірлерде де солай. Сөзде бар. Көзде жоқ. Ескерткіш жоқ. Құні ертең келер ұрпақ естен шығарып алмай ма деген қауіп бар, қатер бар!

Сол бір аласапыранда Мағжанынан бастап талай арысын жоғалтқан Қызылжар қаласында Ашаршылық пен саяси құғын-сүргін құрбандарына арнайы мемориал бар. Оның бастауында 2005 ж. орнатылған саяси құғын-сүргіндер құрбандарына арналған монумент тұр. Монумент ашаршылық, саяси құғын-сүргін, халықтарды депортациялау құрбандарына бірдей қатысты. 2013-2015 жж. 7628 адамның аты-жөні жазылған Ескерткіш қабырға салынды. Осы мемориалдың дүниеге келіп, іргетасы қалалып, қабырға болып қалануына Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы, «Память» қоғамдық қорының

тәрағасы Сағындықов Болат Мағазұлы бастаған белсенді азаматтар көп еңбек сінірген.

1930-1950 жж. ашаршылық пен саяси құғын-сүргін құрбандарына арналған мұндай ескерткіш Қазақстан көлемінде санаулы-ақ. Бірден есімізге түсетіні Ақмоладағы «АЛЖИР» мұражай кешені. Ол бүкіл республика үшін бірегей ескерткіш. Қарағанды туралы айттық.

Осы тұрғыдан Қызылжар жұрты адамдықтың, адамгершіліктің, имандылықтың, жоғары мәдениеттің үлгісі болып тұр. Осы мақсатта нәтижелі жұмыс жасаған азаматтардың еңбегі еленіп, лайықты марапатқа бөленип жатса, тіпті құба-құп болмақ.

Бұғін бүкіл әлем коронавирус індетіне тап келіп, не істерін білмей дағдаруда. Ғылым мен медицина да-мыған замандағы бейшаралыққа күә болудамыз. Қай кезде болсын адамзат баласы небір нәубет пен індет алдында шарасыз екен. Фарышқа ұшып, Айға қонған адам баласы соңшама әлсіз де әлжуаз болар ма?! Жайшылықта кеуде қағып, көкке қол созып, көкірек керіп жүрген адам күн туғанда қуықтай үйіне қамалды. Бізден кейінгілерге мұн-дай да, өзге де сынақтар берілмесін!

Бұғін мен өткенде салыстырып, XX ғасырдың нәу-беттеріне ұшырағандарды құрбан деу біржақты екеніне көзім жетті. Иә, жапа шеккендер, қаза болғандар болған соң құрбандар дейміз. Шындығында олар – батырлар, қаһармандар! Алмағайып заманда небір тауқыметті бастан кеше отырып, адамдық қалпын сақтаған. Үрпағы мен ұлтын сақтау үшін небір қадамдарға барған. Өздері үгітіліп, жұтылып, жоқ болып бара жатып, үрпағының қа-мын жеген. Келешек үшін өздерін құрбан еткен. Не деген

жанкештілік, не деген жігер! Құрбандығы қаһармандыққа ұласқан қайсар рух!

Осы себепті Қызылжардағы мемориалды қаһармандықтың, руханияттың ескерткіші деп таныған және оның аясы мен ауқымын көнектікен жөн.

Бұл мемориалды арнайы мұражай толықтыруы тиіс деген идея Болат Мағазұлын жетелеуде. Долинкадағы Карлаг мұражайын, Ақмоладағы АЛЖИР-ді қоспағанда Қазақстанның басқа өнірлерінде мұндай мұражай жоқ.

Бұл мемориал республикалық маңызы бар, мемлекет өз қорғауына алуға, кетеуі кеткен жерін уақытылы бүтіндеп отыруға тиіс жәдігер. Оны үлкен мұражаймен толықтыру идеясын қолдаймын. Мұражайдың кешенді, көпқызыметті, кітапханалы, зертханалы, кең де еңселі, жарық боларына үміттімін. Ол бұлсенділердің басын қосар, келелі мәселелерді талқылар орда қызыметтін де атқаруы тиіс. Билік, бизнес, қоғам қаһармандық идеясын лайықты дәріптеу жолында мыгым бірлессе, бұл жасампаздықтың көрінісі болар деп ойлаймын.

**Болат Кенелұлы Сыздық,**  
3.ғ.к., «Bolashaq» академиясының профессоры



Уважаемого Болата Магазовича Сагиндыкова я знаю с юношеских лет. Он был близким семейным другом моей старшей сестры Сайран и ее мужа Наби и до сих пор опекает их дочерей Айгуль и Динару. В свое время Болат Магазович занимал определенную должность во властных структурах СКО. Находясь на заслуженном отдыхе, он реализовал свои природные данные как писатель и поэт, издал несколько сборников.

Большую роль сыграл Болат-ага в реабилитации незаконно репрессированных по политическим мотивам граждан Северного Казахстана и возвращении им честного имени. Так, в 2003 году им был создан одноименный фонд, вместе со сподвижниками по крупицам через архивы, опросам родственников и близких определил общее количество репрессированных граждан Северного Казахстана, количество незаконно расстрелянных, количество осужденных на каторжные работы, где они в основном погибли, и мизерное количество после всех этих тяжких испытаний оставшихся в живых.

Болат-ага документально закрепил, что практически все жертвы политических репрессий посмертно были реабилитированы. Являясь заметным общественным деятелем Северного Казахстана и руководителем вышеуказанного фонда, Болат-ага добился через исполнительные власти г. Петропавловска сноса бывшего здания городского отдела внутренних дел – в годы репрессии это было

здание НКВД, это пересечение улиц Карима Сутюшева – А. С. Пушкина.

На этом месте с разрешения властей на средства по-жертвований соорудил с коллегами по фонду из черного мрамора Стену, куда вписаны все фамилии и имена не-законно репрессированных политических жертв Северо – Казахстанской области.

Почему я так подробно это излагаю? Потому что на этой Стене вписаны три брата моего отца, расстрелян-ных в 1937 году. Абубакр, Сейтахмет, Молжигит. Они по-смертно реабилитированы в 1957 году.

И вот за эту неоценимую работу Болату Магазовичу низкий земной поклон не только от меня. но и от потом-ков указанных жертв, да и в целом от всей общественно-сти СКО, особенно от россиян – детей внуков и близких родственников репрессированных. Россияне часто при-езжают, особенно 31 мая почтить память своих предков и близких.

Вернулся на родину, родные земли своих предков.  
Болат ағаға аруақтар риза.

**Боранбай Байгенжеулы БИЖИГИТОВ,**  
сын бежавшего в годы репрессий,  
избежавшего преследования

## «Ұрпақ жадындағы бабалар қасіреті»

Өткен ғасыр қазақ баласы үшін үлкен қасіретпен басталып, ақ сарбаспен мәреге жетті. Түнектен кейін таң атты. Өткен тарихымыздың қуәгері болмасақ та, мұрагеріміз. Бұған дейін қазақ баласы бір-бірінен ажырап қалса, бұл ғасырда басы қосылды. Десе де, әлі өзгенің қанды шенғеліне ілініп кету қауіпі бар қандастарымыз аз емес, ілініп те жатыр. Сол үшін әлі де Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Енді Алашты ешкімнің қорлауына бермейміз» дегенін ұран етіп, азаттықтың саясына бар қазақты жинау жұмысын қарқынды жүргізген ләзім. Сондай-ақ әр азамат елге еңсесін бермейтін, бәсекеге қабылетті бола отырып, өзін және елін ендігі қауіп-қатерден қорғай алады. Қорта айтқанда, өткеннің қасіретін еске алғанда алдағы әр қадамымыздың салмақты екенін байқаймыз.

Жалпы 1916-1937 жылдары аралығында Совет үкіметі қолынан 4 миллионға жуық қазақ қырылғанын тарихшылар айтуда. Ал 1941-1945 жылдары аралығындағы екінші дүниежүзілік соғыста 400 мынданың қазақстандық құрбан болды. Біздің санамындағы өткен ғасырдың ең үлкен зұлматы болып саналып жүрген соғыстан еліміздегі ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандары 10 есе көп. Осыған қарап-ақ бұл алапат апаттың қандай ауыр екенін білуге болады.

Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандық әр отбасыға салған ойранын кешегі және бүгінгі ұрпақ естіп өсті. Ата-әжелерінен соғыс пен тыл еңбектері кезіндегі басынан өткен ауыртпалығын өз құлақтарымен тындалды.

Ал ашаршылық пен қуғын-сүргін кезінде болса бір шанырактың ғана емес, бір әulet, бір ауыл, тіпті бір рудың аты өшті, шежіресі тоқтады. Сондықтан ашаршылық пен қуғын-сүргін естеліктері екінің біріне жете бермейді.

«Қаймактарымызды қалқып алды, барымызды тартып алды. Алашорданың қайраткерлерін айтпағанда, қашама иманды тұлғаларымыз, рухани көсемдеріміз болған зердесі терең зиялыштарымыз жазықсыздан жан кешті», – деп жазған осы кезеңді зерттеген Талас Омарбеков, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Осы зұлмат және қасіret ұлттымыздың тарысадай бүкіл дүние жүзіне шашырап кетіп, 45 елден астам асып 7 миллиондай бауырларымыз жалғыз Отанынан тыс қалуына әкеліп соқты...

Қуғын-сүргін басталғанға дейін біздің Солтүстік Қазақстан облысты мекен еткен біраз азаматтар да құрбан болып, атылғаны атылып, түрлі лагерлерде тұтқын ретінде жер аударылғандар облыс орталығы Петропавл қаласында салынған мемориалдағы Ескерткіш қабырғаға есімдері жазылған. Қазір басқа мемлекеттерде тұратын олардың ұрпактары, туған-туысқандары осында келіп, әке, аталарының есімін гранит тақтадан оқып, тағзым етіп қайтып жүр.

Сондықтан бұл мемориалдың халықаралық маңызы барлығы сөзсіз.

Өнірімізде қадірлі Болат ағамыздың тұңғыш бастасымен қуғын-сүргіннің құрбандарына арнайы есткерткіш қойғызыуы, ол болашақ ұрпақтың жадында осы бабалар қасіretі мәнгі қалуға, патриотизм сезімін дамытып,

тариҳымызды дұрыс зерттеп, түсінуге үлкен үлес қосты.  
Алғысымыз шекіз осы зиялды, үлтжанды қариямызға!

**Сағындық Салмұрзин,**  
этносаясаттанушы,  
Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының өкілі

## Зарлы заман ойға келді

Өткен қайғылы күндер, қайғылы түндер ойға кетіп жазып отырған жайым бар. Жетім қалған балалар, жесір қалған аналар, жоқтықпен, қорлықпен өткен өмір естен кетпейді еken. Үш жасымда жетім қалдым, көрмеген қорлық болмады. Бір жапырақ аты жазылған қағаз жоқ деп жүргенде көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың арқасында ескерткіш ашылып, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанғандай болды. 31 мамырды әкемізді көретіндей асыға күтеміз. Атын оқып бір жылап, бір қуанамыз. Жан-жактан келген адамдар да, мындаған жетімдер де жылап ризалығын білдіріп жатты. Соның біреуі өзім. Біздің көрген корлықты жастарымыз көрмесін деп тілейміз. Жазықсыз жапа шеккен әкелерімізді жастар ұмытпаса еken деп тілейміз. Өткен зарлы заманды Алла қайтып көруге жазбасын. Осы мемориал ескерткішті салуға бел байлап күш салып жүрген Болат Мағазұлы бауырымызға алғысымыз шексіз. Мындаған жетімдердің атынан да, өзімнің атынан да раҳметімді айтамын. Отбасынызға амандық, денсаулық тілейміз. Жасай берініз, бауырым. Еліміз аман, жұрттымыз тиыш болсын. Тілегіміз сол.

Құлжабай қызы Күлке деп білесіз.

Саяси күгін-сүргіннен зардап шеккен.

## **ВЕЧНАЯ ПАМЯТЬ ЖЕРТВАМ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ**

История человечества не знает, чтобы какое-либо государство уничтожало свой народ, истребляло ни в чем не повинных людей, присваивало им звание «враг народа». Казахи подверглись подобному уничтожению при власти Сталина. Такое же происходило и с другими народами бывшего СССР.

В 1920-е и 30-е годы, по историческим данным, из-за голода и репрессий погибло около 3-4 миллионов казахов. Политическим репрессиям было подвергнуто более 100 тысяч человек, из которых было расстреляно около 25 тысяч.

На территории Казахстана располагались десятки лагерей, в которых содержались невинно осужденные. Обвинения были лживые, причем ложь этих документов НКВД-КГБ была специальная, профессиональная и, как правило, не содержала никаких достоверных фактов.

Потомки невинно осужденных и расстрелянных проклинают таких государственных деятелей, которые уничтожали свой народ ради своих авторитетов и амбиций. Они провозглашали лживые лозунги, обманывали людей, а тех, кто проявлял сомнение, уничтожали. Подобное зло не должно быть забыто.

В Северо-Казахстанской области было репрессировано свыше 7 тысяч человек.

В г. Петропавловске по инициативе почетного гражданина области, председателя общественного фонда

«Память» Болата Магазовича Сагиндыкова, при поддержке и участии акимата СКО, общественных объединений были созданы и открыты Монумент жертвам политических репрессий и Стена памяти жертв политических репрессий и тоталитаризма, которые составляют единый мемориальный комплекс.

В числе репрессированных по СКО был наш отец – Ильяс Ахметов, 1897 года рождения, уроженец Карагандинской области, Шетского района, аула № 4, ученый, общественный деятель, педагог.

Ахметов Ильяс в 1926 г. окончил японское отделение Института востоковедения им. Н. Нариманова в г. Москве, затем работал заведующим отделом газеты «Еңбекші қазақ». Занимался педагогической и исследовательской деятельностью. Им написаны учебники по истории казахов и географии. Он являлся членом партии «Алашорда», был соратником таких выдающихся представителей казахской культуры, науки и просвещения, как Маждан Жумабаев, Смагул Садуакасов, Ахмет Байтурсынов и другие.

25 марта 1938 г. Ильяс Ахметов был арестован УНКВД СКО и 4 октября 1938 г. по ложному обвинению «за активную борьбу против советского государства» был расстрелян.

16 июня 1958 г. решением военного трибунала Туркестанского военного округа дело было пересмотрено и прекращено за отсутствием состава преступления. И. Ахметов был реабилитирован посмертно (16.06.1958 г.).

Имя нашего отца увековечено на Стене памяти жертв политических репрессий и тоталитаризма в г. Петропавловске. Мы, потомки Ильяса Ахметова, посещаем этот

мемориальный комплекс, а также пытаемся найти место его захоронения.

Мы безмерно благодарны инициаторам, всем, кто принимал участие в создании данного мемориала. Особо надо подчеркнуть активную деятельность и большую роль Болата Магазовича Сагиндыкова, который неустанно ведет кропотливую работу по пополнению списка имен и поиску мест захоронения безвинно погибших.

Поддерживаем идею создания музея, в котором будут документально представлены материалы, исторические факты о безвинно расстрелянных – ярких личностях, лучших представителях высокообразованной интеллигенции, элиты казахского народа.

Такие памятники и музеи необходимы для исторического наследия будущих поколений.

От имени потомков Ильяса Ахметова – педагога, ученого, журналиста, общественного и политического деятеля

**Сын – Фарабий Ильясович АХМЕТОВ,  
инженер-металлург**

**Дочь – Азат Ильясовна ШИБАНОВА,  
доктор медицинских наук, профессор**

Болаттың кітабына азырақ пікірімді білдірмекке ниет етіп отырымын.

Бәке, Сізбелен бірінші рет Сайран марқұмның үйінде кездестік. Наурыз айының құрметіне маган қарын

бастатып, бір жақсы отырыс болып еді. Сол кезде Сайран маган Сіз туралы жақсы әңгімелер айтқан еді.

– Менің жолдасым өмірден өтті, екеуі сондай дос, жолдас еді. Сол сыйластықпен әлі күнге дейін сыйласып жүріп жатырмыз. Бір жақтан жол жүріп келсе, менің ба-ларымды да қуантайын деп сыйлық алып келеді. Балалар да қуанып қалады. Маган да өзінің туысындај жаны ашып қарайласып жүреді, – деп Сайран осы әңгімелерді айтқан-нан кейін адалдығыңызға, балаларға деген мейіріміңізге қатты риза болдым. Содан кейінгі Сіздің адамгершілігіңіз, әкенізден бір жасыңызда қалсаңыз да, сол әкенізден рухын құрметтеп, мемориалдық тақтасын ашып, мындаған халық жауы болды деген адамдардың есімдерін жаздырып, отыз бірінші мамырда сол кісілерге арнаап дұға оқытып, ас бересіз. Экенізденің жатқан жерін шарқ ұрып іздең, қолыңы-здан келсе қайтадан оралтып әкелетіндей болып жүрсіз. Экенізденің рухы шат болсын. Сізді желең-жебеп жатқан шығар, Иншалла, еңбегінізді Алла сауаптан жазсын.

Осының бәрі әке-шешеніздің адалдығы. Анаңыздың адал сүт емізгендігі.

Кенен Әзірбаевтың өлеңінде жазылған ғой:

Ай туса, ол да тартат жарығына,  
Су ақса, ол да тартат арығына.  
Атасы кімнің текті, кімнің тексіз,  
Тұбінде бір тартады қалыбына,

– дегендей, текті тұқымнан, текті әuletттен шығып отырсыз. Бұл текті тұқымнан жақсы азаматтар шықты ғой. Қазез Есмұқанов бауырыңыз біздің «Бұлак» совхозында

бас агроном болып, адал еңбек етті, елге сыйлы болды. Тағы да бір әuletіңіздің қасиеттілігінің белгісі, шаңырағынызға Қари келін келді. Ол да киелі шаңырақтарға кездеседі.

Одан кейін Қымбат қарындасының да адап еңбек етіп, ұстаз болып, елге сыйлы азаматша болды. Осылардың бәрі киелі әuletтен шыққанды білдіреді.

Ендігі, Бөке, өзіңіздің басыныздан әртүрлі жағдай өтіпті, оның бәрі Алланың жазуымен. Бірақ сол қындықтарға берілмей, алға қарай басып, халыққа деген адап еңбегіңізбен, осы кезде Гүлнарыныңбен бірге жүріп, сыйласып, жақсы жанұясыздар. Үрпақтарының қанат жайып, өсе берсін. Гүлнар екеуініз бірге жасап, бірге картайып жасай беріңіздер. Мен Сізді Гүлнармен бақытты деп ойлаймын. Ойымды қабыл етсін Алла.

Пікір білдірген апайларының  
Сапура қажы Әміреқызы, Тәшен келіні

## Өшпеген жарық (Новелла)

Автордың экесі Қажимолда мен шешесі Уәзипа саяси құғын-сүргін құрбандары екені кейін белгілі болғандықтан ескерткіш қабырғаға енгізілмеді

Бұрнағы жинақтарға кірген жоқ.

Беу, бұл дүниеде анадан асыл жан бар ма?! Анасын аяламас, анасын ардақтамас пенде табармысын бұл дүниеде? Жүрегі жылы жан түгіл, қан жұтқан қаныпезердің өзі бір сәт осы жарық дүниеге ана сүтін еміп жеткенін сезер болар.

Мен де анамды күні бүгінге дейін күндіз ойымнан, түнде түсімнен шыгармаймын. А남 қатты қысылып жатқанда: «Марконжанымды ренжітпендер!» – деп женгеме тапсырыпты. Ана атаулының жаны бордан жарапған ба дерсін. Өзі жарық дүниеден тыққары болар сәтінде де баласын ойлап, жаны егілгені осыған айғақ емес пе?

Жасым отыздан асса да ақ сүтін суалтқан мені сәбидей санап, құшырлана иіскең, мауқын басатын. Сен сонымен-ақ аяулысың ғой, асыл ана.

Алыстан сағынып жеткенде: «Құлыным, сенің келетінінді сезіп едім. балтырым тартып еді», – деп аналық жүрегімен бәрін сезіп біліп, тәтті-дәмдісін сыйлап отырушы еді ғой. Дәмі тіл үйіретін айранын алдыма тосып, жас баладай мәндайымнан сипайтынын ұмыта аларсың ба? «Тоқып қалған шыгарсың?» – деп жаңа тоқып қойған шұлышынын кигізетін-ди.

Анамның әжім басқан жүзіне қарап, кейде ұзак ойға берілуші едім-ау. Сол ана дидарында жастай шеккен қыын-қыын өмірдің сырлары қалтарыста бұғып жатқандай сезілетін. Тағдырдың тауқыметі тасаланып, шаш ағарып, азапты шактарды шеккен анамның бір мыскал қыындығын бала иініменен көтерер ме едім деген арман жүректі езетін. Бір мәрте болса да ана сырына бойлап, оның айтқан әңгімелерін санамда ой елегіне саламын бұгін.

...Бұгінгі күндері есейіп, өмірді таныған сайын сонау бір кездері ата-бабалар басына түскен зілбатпан жүгін аңғарарсын. Менің анам Уәзипа Сарша-Қантай ішінде әuletті, тұлғалы Қаумен байдың бәйбішесінен туған екен. Қазіргі Преснов, Жамбыл ауданын жайлаған қалың елде Қаумен байдыңabyрой-беделі ерекше болғаны рас. Сонау бір ғасырларда бай, дәuletті деген адамдардың, мыңғыртып жылқы айдаған әuletті аталардың ел мен жер біrlігі, болашақ үшін атқарған істері ілкімге алынбай, тек бай екендігін жазаланып, жаманатқа қалғанын бұгін айрып журміз гой. Әйтпесе тарихымыз қайта таразаланып, хандарымыз бен билерімізді дәріптер ме едік?

Байлық пен барлықтың азабын өзгелерден бұрын қазақ қана тартқан ба дерсін. Тәркілеу басталғаннан-ақ алдындағы малынан айрылып, abyройдан ада болған солардың не жазығы бар еді? Қаншенгелді 1929 жылы Қаумен нағашым жер аударылып, Арап теңізінің «Көкарад» атты қонысына қыспақпен көшіреді. Бір тәуліктің ішінде атақоныстан айрылған бейбактардың талайы шырқап салған шерлі, қайғылы әндері бұгіндері менің құлағыма сол зардап заманның зарындай шынылдан естіледі

де тұрады. Осы біздің өнірден жұртты таңырқатып үдерे көшкен бейбактардың өмірі өшкенімен бірдей болды. Ғұмырында атамекенінен ардақтысы болмаған қазақ үшін сол кіндік қаны тамған жерден тірісінде көз жазу өлім ғой.

Амал нешік, жаңа заңның ырқына мойын ұсынбай көр. Сол «Көкарапта» қоныс тепкен екі жұз елудей пендениң тірлігін адам басына бермесін. Сонда менің анам он екі жасар бейкүнә сәби еді ғой. Ауыл маңында жайылма көлден басқа үлкен су көрмеген бейбактар алып теңіздің ортасындағы шағын аралдың бұрын кешпеген таңсық тірлігіне көндіге алмаған.

— Ауыр тұрмысқа шыдау қайда? Бала түгілі үлкендердің де ұнжұрғасы түсіп, тірліктен түңілді. Ауру-сырқау деген пәле баудай жығып, көп шейіт болды. Әсіресе, балалардың шетінегені жанға батады ғой. Сол аралда балалардың зираты таудай болып үйілді ғой, – деп еске алатын анам.

Осы аңы шындықтың соңын мына шерлі әндермен түйіндейтін:

«Айдауда кетті малымыз,  
Жағулы қалды шамымыз...».

Иә, қазақтың ауыр қарғысы – «Отың өшсін!» екен-ау. Оты өшкені осы емес пе. Жағулы қалған шам мәңгілік тұрар ма? Сол шамда қашшама үміт пен арман, аңсау мен күдік жатады. Адамды қажытатын да сол үміт пен күдіктің мәңгілік арпалысы емес пе?

Үміттің женғені болар-ау, яки тағдырдың пешенеге жазғаны сол ма екен – азапты тағдыр сапарында анам

аман қалған. Алайда алауын өшірмеген өмір алдынан азабын тоса берген. Елге енді жеткенде соғыс қырсығы алдынан шығады. Шаңырақ көтеріп, ғұмырының бір азын-аулақ белесінде қындықты ұмыттар тұста жарын, әкемді соғысқа аттандырып салып, аман-есен оралғанша сарғая күті оңай жүк пе?

Бір шаңырақтың бас көтерері өзі болған асыл анам-ай! Кәрі атаңды, жас қайның мен қайын сіңлінді, екі жасар әпкем Нурикамалды табаның тілім-тілім, алақаның күс-күс бола жүріп аранын ашқан аштықтан арашалапсын. Тәнірдің әйел затына бұйыртқан қызығы мен бақыты бар емес пе. Сол қызық пен бақыттан көптеген қазақ әйелдері неліктен ада болды екен деген ой мазалайды сенін сол бір сырға толы әңгімелерінен соң.

Тағы да үміт пен күдік семсерлескен сұрапыл сағыныш пен төзім жылдары тұманға орап алады сені. «Қайда жүрсе де аман болса екен» деп баласын тосқан ата-ана, жарын күткен әйелдің үміті сол ауыр жылдары казақ ауылындағы әр шаңырақта білтелі шаммен бірге әлсіз сәулесін әр жүректе себездеткені шындық емес пе еді.

Сөйткен үміттің жарығы өшпей неміс концлагерінің азабын тартып, арып ашыған, содан ауыр сырқатқа ұшыраған әкемді бағып, күткен жылдарымен жалғасты. Адам ит жанды емес қой, сол азап ақыры дегеніне жетіп, әкемізден айрылдық. Бұл 1978 жылдың күзінен былай да сенің өмірінде қаншама сынақтар тұрды. Әр балаңа әрі әке, әрі ана болып, соныңмен пана болып, оқытып, соған қоса отбасы – ошақ қасының тірлігін атқарып, арпалыспен өттің.

Анашым-ау, өмірдің небір қындығына кезіксен де, мұқалмай, емендей қасқайып, ақылмен, инабатпен, парасатпен шешетін қайсар едің ғой сен.

Откен мен кеткенді салмақтап, шүкіршіліктен аспай, қоңыр тірліктен ауытқымай, тағдыр азабын әсте естен шығармай өттің-ау.

Қазақ: «Сырлы аяқтың сырлы кетсе де, сыны кетпейді», – дейді ғой. Текті адамның қызы болғандықтан ба, ескінің өзін жаңадан асыратын. Устіне кір қондырмай, таза да аппақ жаулығың топ ішінен оқшашу шалынып, өзінді дара көрсетуші еді ғой. Әттең, балаларыңа сенің суырып салма жыршылдығың, әншілігін, сауықшылдығың дарымапты.

«Мың асқанға – бір тосқан» деген бар емес пе. Қерген азап та алғы күнде ұмытылады. Жалғыз ұлың Айбас Қажымолдаұлы атанып әке атын өшірmedі. Төрт қызың ана атынды ардактап, сенің ғұмырыңды, сарп еткен жанкешті талпынысынды тәбәрік етуде.

Адам алдында үміт барда жүрегі лүпілін дөғарар ма? Сол үміт кезінде өзінді інкәр еткені анық қой, анашым!

Ендігі тірліктегі өмірінді өнеге тұтып, мейірлі жүрегіңе табынамын. Табынамын да сағынамын, аяулым менің! Сол сезім үстінде өмірдің өшпеген жарық нұрына басымды иемін, анашым!

## Анама

Сарғайып мынау таңың атқаның-ай,  
Анашым, қабырғама батқаның-ай.  
Еркелеп бауырыңа кіре алмаймын,  
Жамылыш бір төмпешік жатқаның-ай.  
Армансыз бұл өмірде жан болмайды,  
Көнілім ақ жүзінді армандайды.  
Қимастық перзенттік сезімменен,  
Әттең-аймен жүрегім қан жылайды.  
Дүние бір қызық жол бұраңдаған,  
Ешқашан бір қалыпта тұра алмаған.  
Шерлі жүрек ойнайды мұнды әуенмен  
Жоқтаушыңмын о дүниеге қия алмаған.

## Аңсау

Өмір қатал – ана менен баланы,  
Екі айыру сол өмірдің «талабы».  
Ана өтсе – өмір болар өкініш,  
Баласының жүрегі де жаралы.  
Өзіңсің ғой, мен сүйетін бал бұлақ,  
Жағасында бола берсем сусындал,  
Өзің жоқта шөлге айналып кетпей ме,  
Бала өмірі сағынышпен өтпей ме?  
Қайтемін, қайда барып шуақ алам?  
Тірлікте кім асады нұр-анадан.  
Өзіңмен дидарласпай, мауқым баспай,  
Жүрмін ғой сағынышта, жырақ анам.

Марал Әбілкәрімова





Бұл фотосуреттер мемориал  
тарихын баяндайды.  
Авторлары: фотокорреспонденттер  
**Амангелді Бекмұратов,**  
**Вадим Мударисов**















КОМУТОВ Б.  
КЫЖКО И.А.  
ЧЕРНОБОЙ И.Л.  
СМАШЕВА М.А.  
ЧРУШИН Ф.Е.  
  
ДОПОЛНИТЕЛЬНЫЙ  
СПИСОК  
АВДЕЕВ А.Н.  
АВДЕЕВ Н.Ф.  
АГАФОНОВ Л.И.  
АКПАНБЕТОВ Ж.  
АМАНЖОЛОВ И.  
АМЕЛИН М.П.  
АНИКИЕНКО Г.П.  
АНОШКИН П.И.  
Антасов Г.К.

ЕФРЕМОВ А.В.  
ЕФРЕМОВ Л.И.  
ЖАКСЫЛЫҚОВ Б.  
ЖАНБОЛАТОВ Р.Н.  
Жигульский Н.З.  
Жилемецкий К.Д.  
Загрудный Г.В.  
Зайкин С.Е.  
Звягин С.А.  
Зиберт В.П.  
Зубовский Г.Н.  
Иванушков П.М.  
Иващенко Д.И.  
Ишин И.Н.  
Кабаньян В.К.  
Кабдулов Ж.К.  
Кабдушев Е.К.  
Казик-Фетлер А.А.































Архерс  
Аксенчук  
Алейников  
Алексеев  
Алиев С.  
Алисулта  
Альжано  
Альжано  
Альмаган  
Альферо  
Аман А.  
Андряш  
Аникин  
Анурбие  
Асельбог  
Аутамбаев  
Афнасб  
Афанасьев  
Баевасов  
Базылев  
Бакис

Г.М.	РОМАНЧУК С.Е.	ФИЛИЧКИН Ф.Д.	АМАНОВ А.
А.А.	Рудь А.Г.	Фурса С.И.	Аманов А.Н.
М.М.	Рыбников П.А.	Хабенский Е.	Андреев А.И
К.П.	Рябоконь М.И.	Хадж	Андреевский
Д.	Сагиндыков Магаз	Хам	Андрюшишен
В.Ф.	Салтан Ф.С.	Ха	Андрющенко
ой С.Ш.	Сандалов А.Н.	Хл	Антошкин Н.
Д.	Сафонов Е.М.	Хо	Арндт Э.Ф.
ров Х.	Секисов С.Ф.	Цаф	Артвик А.А.
С.Е.	Селезнев Н.Ф.	Циб.	Аснаймер В.
Я.М.	Скибинский И.А.	Цып.	Бабенко Г.Г.
И.Г.	Слиняков И.П.		Г.Чченко Т.К.
Я.	Смагулов У.		А.А.
И.Ф.	Соколов С.В		
С.М.	Соловьев А		
в. В.А.	Сосновская		
ов П.В.	Сугак И.Я.		
	Сугак П.Я		
	Сухачев		



Азат Шибанова,  
дочь алашординца Ильяса Ахметова









# **МАЗМҰНЫ**

<b>Осы кітап – облыс орталығында бұрынғы әлемге аты шулы, миллиондардың қарғысы атқан, ...</b>	<b>5</b>
<b>Мемориал</b>	<b>6</b>
<b>МЕМОРИАЛ</b>	<b>26</b>
<b>ҚҰРБАНДЫҚ ҢӘМ ҚАҢАРМАНДЫҚ</b>	<b>41</b>
<b>Уважаемого Болата Магазовича Сагиндыкова я знаю с юношеских лет. ...</b>	<b>45</b>
<b>«Үрпақ жадындағы бабалар қасіреті»</b>	<b>47</b>
<b>Зарлы заман ойға келді</b>	<b>50</b>
<b>ВЕЧНАЯ ПАМЯТЬ ЖЕРТВАМ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ</b>	<b>51</b>
<b>Өшпеген жарық</b>	<b>56</b>

**Автор весьма благодарен Куннар  
Кабдушевой за большую помощь в подготовке  
и выпуске этой книги.**



**Кітаптың шығуына демеушілік көрсеткен  
облысымызға белгілі кәсіпкер, саяси құғын-  
сүргін құрбанының үрпағы Екпін Әбиев  
мырзага зор ризашылығымды білдіремін.**


Редактор И. Моор  
Дизайнер В. Резунов  
Корректор А. Жакупова

Книга отпечатана в типографии ТОО «Издательство «Северный Казахстан».

Адрес: 150001, Республика Казахстан, Северо-Казахстанская область.

г. Петропавловск, ул. Кошукова, 5.

Тел. +7(7152)31-07-72, e-mail: mail@izdatelstvo-sk.kz



СПИСОК ЖЕРТВ  
ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ  
ПО СЕВЕРО-КАЗАХСАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ЧАСТЬ 2

ПЕТРОПАВЛОВСК 2004